

2020 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 14 ақпандағы № 577 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 ақпанда № 7258 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес Шиелі ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2020 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота осы қаулының 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шиелі ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шиелі ауданы әкімінің
міндетін атқарушы*

Т. Жағыпбаров

Шиелі ауданы әкімдігінің 2020 жылғы
14 ақпаны №577 қаулысына 1-қосымша

2020 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Гежуба Шиелі Цемент Компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	257	0,4	1
2	"Ляньци Сервис Казахстан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	51	4	2

3	"Төңкеріс К" шаруа қожалығы	110	1	1
4	"Халық" шаруа қожалығы	40	2,5	1
5	"Жолдасов" шаруа қожалығы	18	5,5	1
6	"Бидайкөл" шаруа қожалығы	113	1	1

Шиелі ауданы әкімдігінің 2020 жылғы
14 ақпаны № 577 қаулысына 2-
қосымша

2020 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік саны тізімдік санынан	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Гежуба Шиелі Цемент Компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	257	0,4	1
2	"Ляньци Сервис Казахстан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	51	2	1

Шиелі ауданы әкімдігінің 2020 жылғы
14 ақпаны № 577 қаулысына 3-
қосымша

2020 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік саны тізімдік санынан	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	Қызылорда облысының білім басқармасының "Шиелі индустриалды – аграрлық колледжі" коммуналдық	110		1

мемлекеттік қазыналық кәсіпорны		1	
---------------------------------------	--	---	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК